



6

ЖИЫН-ТЕРІН АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН



Қазіргі таңда ең өзекті міндеттің бірі — агро-хабтар және логистика орталықтарын дамыту. Атап айтқанда, шетел инвесторларымен серіктестікті нығайту керек. Бірақ бұл жерде бір нәрсені ескеру қажет: отандық кәсіпкерлер қазіргі заман талабын дұрыс түсінбесе, яғни жасанды интеллектіні қалайша тиімді пайдалануға болатынын білмесе, табысты бизнес серіктестігін құра алмайтыны анық.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Біздің оқырман

«АКТӨБЕМЕН» БІРГЕ ЕЛ ТЫНЫСЫН СЕЗІНЕМІН

Жомарт
ҰСНАДИНОВ,
еңбек ардагері



«Ақтөбе» газетінің әр санын асыға күтемін. Бұл басылым мен үшін ел өмірінің айнасы іспетті. Газет бетінде жарияланатын шынайы, халықтың тыныс-тіршілігін бейнелейтін мақалаларды ерекше бағалаймын.

Үйімізде немерелеріммен бірге газет оқу — дәстүрге айналған игі іс. Осы арқылы жас ұрпаққа ел мен жерге деген сүйіспеншілікті, ақпаратқа құрметпен қарауды үйретуге тырысамын.

Шалқарда туып-өскенмін, көп жыл бойы Хромтау ауданында ветеринар дәрігер болып еңбек еттім. Оның ішінде Жамбыл атындағы колхозда бас мал дәрігері болып қызмет атқарғанымда киелі Ойсылқара өңірінің тарихымен терең таныстым.

Қазақтың белгілі ақыны Әкімәлі Қаржауов осы аймақта туып-өскен. Ал менің әкем Жәмеш Жақасов өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Қазақ мемлекеттік университетін бітірген кезде профессор Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілігімен қуғын-сүргін құрбаны болған ақынның шығармашылығын зерттеп, өлеңдерін жинақтап, диплом жұмысын қорғады. Мен осы өңірде Әкімәлінің ұрпақтарымен кездестім, қызметтес болдым...

«Ақтөбе» газеті де арқалы ақын туралы тұрақты жазып келеді...

Қазір салауатты өмір салтын ұстанып, бос уақытымды тиімді өткізу үшін аудандағы ардагерлер кеңесінің мүшесі қатарында шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық және зияткерлік ойындармен айналысамын.

Өз басым «Ақтөбе» газетінің халықпен тығыз байланыста болып, өмірдің өзекті мәселелерін көтеріп, елмен бірге тыныстап келе жатқанына ризамын. Осындай шынайы басылымның адал оқырманы болу — мен үшін үлкен мәртебе.

Хромтау ауданы.

«Ақтөбе» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты		Бағалар	
			қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	12 ай	17 311,98 тг	17 311,98 тг
		6 ай	8 655,99 тг	8 655,99 тг
66420	Заңды тұлғалар үшін	12 ай	25 086,96 тг	20 383,98 тг
		6 ай	12 543,48 тг	10 191,99 тг
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	12 ай	15 487,98 тг	15 487,98 тг
		6 ай	7 743,99 тг	7 743,99 тг



Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпаратты ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67 (редакция),

8 (7132) 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).

ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!